

1. Бөрібаев Б., Балапанов Е. «Жаңа ақпараттық технологиялар», Алматы, 2003.

2. Дәстүрлі және электрондық оқытуды кірістіру. Қазақстан мектебі, №7,8 - 2006ж. Лапчик М.П. Информатиканы оқыту методикасы. Аударған Абдиев К.С.. // Алматы, 1994 ж.

3. Қойбағарова Т.Қ., Ельтинова Р.А.. Информатиканы оқыту әдістемесі. I бөлім. Павлодар. 2013ж.

Ерсултанова З.С.¹, Смаилова Э.М.²

1. Ғылыми жетекші, физика-математикалық ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

2. «Информатика» мамандығының 2 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы

«CORELDRAW» БАҒДАРЛАМАСЫН СУРЕТТЕР САЛУҒА ҚОЛДАНУ

CorelDRAW векторлық редакторында объектілермен жұмыс: ерекшелеу, көшірмесін алу, дубликатын жасау, клонировать ету, бекіту, бұру, теріс қарату, топтау, бұрмалау болып табылады. Бұл бұл бағдарламада PowerClip объектілерін құру, бір объекіден екінші объектіге эффектілер көшіре аламыз және Редакторда объектілерге эффектілер жасап үйренуге болады. Объектілермен жасалатын жұмыс түрлерін меңгертте отырып, өз беттерінше бейнелер салып, оларды безендіре білуге үйрету, эстетикалық талғамын қалыптастыру, әсемдікке тәрбиелей аламыз.

Объектіні өзгерту үшін алдымен, оны ерекшелеп алу керек. Бір ғана объектіне немесе бірнеше объектінің тобын ерекшелеуге болады. Ерекшеленген объектінің айналасында шектейтін блок, ал оның центрінде «X» белгісі көрінеді.

Объектіні қиып алғанда немесе көшірмесін алғанда, ол алмасу буферіне орналасады. Ол жерден оны басқа да қосымшаларға қоюға болады. Қиып алғанда объект суреттен алынып басқа жерге қойылады. Ал, көшірмесін алғанда түпнұсқа орнында қалады, тек көшірмесі ғана алмасу буферіне орналасады[1].

Дубликат жасағанда объект алмасу буферіне түспей тікелей сурет салу терезесінде пайда болады. Дубликат жасау көшірмесін алғаннан және қиып алғаннан тез орындалады. Онан басқа, объектіге дубликат жасағанда оның x және y осьтері бойында бастапқы қалпы мен дубликат жасалған ара қашықтығын көрсетуге болады, Бұл арақашықтық орын ауыстыру деп аталады.

Объектінің клонын жасағанда оның түпнұсқасымен байланысқан көшірмесі пайда болады. Бастапқы объектіге қандай өзгеріс жасалса да, ол клонға автоматты түрде әсер етеді. Ал, клонда жасалған өзгеріс бастапқы объектіге әсер етпейді. Клонда жүргізілген өзгерісті жойып, бастапқы объектіге қайта

оралуға болады. Клон жасау арқылы объектінің бірнеше көшірмесіне объектінің шаблонын өзгерте отырып, өзгеріс жасауға болады.



Сурет1. Жұлдызға клон жасау.

Суретте жұлдыз екі рет клонировать етілген. Оған әр түрлі бояу және абрис қасиеті қолданылған. Сонымен қатар клонның формасы өзгерген. Ол үшін адымен объектіні ерекшелеп, Правка –Клонирование командасын орындау керек. Клонның шаблонын таңдау үшін клонның үстінде оң батырманы басып, Выбратьшаблон командасын орындау керек. Клон жасалған объектілердің шаблонын таңдау үшін шаблонның үстінде оң батырманы басып, Выбрать клоны батырмасын басу керек

CorelDRAW векторлық редакторында объектілермен жұмыс: ерекшелеу, көшірмесін алу, дубликатын жасау, клон жасау, бекіту, бұру, теріс қарату, топтау, бұрмалау. PowerClip объектілерін құру, бір объектіден екінші объектіге эффектiлер көшіру[2].

Еркін форма құралының көмегімен сызықтар салу үшін келесі амалдарды орындау қажет:


1.Саймандар тақтасындағы «СЫЗЫҚ» мәзірін ашыңыз




2.Еркін форма құралының көмегімен  мынандай фигура салыңыз



3.Безье қисығын  қолданып, келесі фигураны салыңыз




4.Келесісуреттерді салыңыз:



Сурет 2. Ромашка

Ромашкагүлін салу технологиясы келесі адымдардан тұрады:


1. эллипс тәрізді дөңгелек салып, суреттің ортаңғы нүктесін төменге түсіреміз.
2. «компоновать» , «трансформации», «вращать» әмірлер ретін орындап, ашылған сұхбат терезесінде дөңгелекті төменгі нүкте төңірегінде бұру бұрышын таңдаймыз.
3. Бұруды гүл шыққанша орындаймыз[3].



Сурет 3. Қызғалдақ

Қызғалдақ гүлін салу технологиясы келесідей [4]:

1. Шеңбер сызып аламыз.
2. ctrl+Q батырмаларын басып, шеңбердің 4 түйінін белгілеп аламыз.
3. «форма» құралын қолданып, шеңбердің бір түйінін ерекшелеп, «+»-түйіндерді қосу әмірін орындап, оны төрт түйінге айналдырамыз.
4. Түйіндер санын 16-ға дейін көбейтеміз.
5. Дөңгелектің ең жоғарғы түйінін төмен тартып, оның шеткі бағыттауышын 180 градусқа бұрсақ, ілгек пайда болады.
6. Осы жолмен 8 ілгек жасасақ, қызғалдақ гүлі шығады.




Сурет 4. Клякса

Клякса салу технологиясы.

1. Дөңес дұрыс 10 бұрышты фигураны сызып алу керек.
2. «форма» құралын қолданып, фигураның түйіндерін шығарып аламыз.

3. Енді кез-келген түйінді фигураның ішкі жағына тартып, сәл бұрсақ осы клякса суреті шығады.

«Қию» құралын қолдану арқылы келесі суретті салыңыз:



Сурет4. Жұмыртқадағы балапан.

Жұмыртқадағы балапан суретін салу үшін [5]:

1. Сопақша дөңгелек салыңыз.
2. «Қию» құралын қолданып, оны екі бөлікке бөліп алыңыз.
3. Балапанды салу үшін 2 шеңбер , 1 үшбұрыш фигураларын алып оларды «компоновать», «формирование», «сварить» әмірлерін орындап біріктіріп алыңыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Л.А.Залогова. Компьютерная графика.Элективный курс:практикум.Изд.3е/Л.А.Залогова.-Кокшетау: Келешек-2030, 2012-246с.
2. Ғылыми-әдістемелік журнал: Информатика негіздері №5, 2013/мақала: Артықбаева М. Компьютерлік графика.
3. <http://corel.demiart.ru/Уроки Corel Draw>.
4. <http://bilimdiler.kz/informatika/5675-corel-draw-interfeysimen-tanysu.html/> Corel draw интерфейсімен танысу.
- 5.<http://infourok.ru/material.html?mid=125976/Corel draw бағдарламасыбас терезе, интерфейс элементтерімен жұмыс>.

Хасанова С.Б.¹, Туракбаева Б.Б.²

1. Ғылыми жетекшіі, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
2. «Информатика» мамандығының 4 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы

ОФИСТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН АВТОМАТТАНДЫРУ

Дербес компьютерді, яғни Microsoft Office (Ms Word, Ms Excel және Ms Power Point) офистік бағдарламаларының жұмысын арнайы бағдарламалау тілі VBA арқылы автоматтандыруға болады.

Visual Basic –тің ықшамдалған нұсқасы Microsoft Word, Excel, Access және